

Ойын бизнесі субъектілеріне тіркелген салық төлемақы ставкасын белгілеу туралы

Күші жойған

Жаңаөзен қаласы мәслихатының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 16/112 шешімі. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 мамырда № 11-2-109 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 2/23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 16.05.2016 № 2/23 шешімімен(қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 422-бабына сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ойын бизнес субъектілеріне тіркелген салық төлемақы ставкасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Ж. Мұқашев
Қалалық Мәслихат хатшысы	М. Сарыев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жаңаөзен қаласы бойынша
салық басқармасының бастығы

Е. Бакиров _____

" ____ " _____ 2009 жыл

Қалалық Мәслихатының 2009 жылғы
14 сәуірдегі № 16/112 шешіміне
қосымша

Ойын бизнес субъектілеріне тіркелген салық төлемақы ставкасы

Рет №-і	Салық салу объектілерінің аталуы	Салық салу бірлігі	Айлық ставкасы (АЕК)
1	Ойын жүргізуге арналған жеке компьютер	әрбір компьютерге	1,7
2	Бильярд үстелі	әрбір үстелге	4,16

